



## Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

### 2022 жылғы қыркүйек

2022 жылғы қыркүйекте жылдық инфляция 17,7%-ды (тамызда – 16,1%) құрады. Азық-түлік тауарларының бағасы бір жылда 22,2%-ға (тамызда – 20,8%), азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 17,0%-ға (тамызда – 15,5%), ақылы қызмет бағасы 12,3%-ға (тамызда – 10,1%) өсті.

Өңірлер бойынша жылдық инфляция 20 өңірде жеделдеді. Ең көп жеделдеу Астана қаласында тіркелді (тамыздағы 17,3%-дан қыркүйекте 20,0%-ға дейін). Жылдық инфляция 9 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары болды, олардың ішінде ең жоғары мән Маңғыстау облысында тіркелді (21,7%).

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2021 қыркүйек – 2022 қыркүйек), %-бен

Маңғыстау	9,8  21,7	Түркістан	9,2  17,6
Астана қ.	8,6  20,0	Жетісу	17,5
Ұлытау	19,6	Алматы қ.	8,7  17,3
Ақмола	8,8  19,2	Ақтөбе	9,3  17,2
Абай	18,8	Павлодар	8,8  17,2
Шығыс Қазақстан	8,7  18,8	Атырау	9,4  17,1
Қарағанды	9,4  18,4	Батыс Қазақстан	8,7  17,0
Қостанай	8,7  18,4	Қызылорда	8,8  16,6
Солтүстік Қазақстан	8,4  18,0	Шымкент қ.	8,8  16,5
Қазақстан Республикасы	8,9  17,7	Алматы	8,5  15,8
		Жамбыл	9,0  15,8

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда **азық-түлік** тауарлары ел бойынша деңгейден жоғары (22,2% ж/ж) Маңғыстау (29,7%), Ақтөбе (24,3%), Ақмола (23,7%), Жетісу (23,4%), Абай (23,0%), Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан (22,8%-дан), Павлодар (22,6%), сондай-ақ Қостанай (22,4%) облыстарында қымбаттады.

**Азық-түлікке жатпайтын** тауарлардың бағасы ел бойынша бағаға (17,0% ж/ж) қарағанда жоғары Астана қаласында (26,3%), Ұлытау (20,4%), Шығыс Қазақстан (19,7%), Абай (18,7%), Қарағанды (18,6%), Ақмола (18,5%), Маңғыстау (17,8%) және Атырау (17,2%) облыстарында өсті.

Елде **ақылы қызмет көрсету** бағасы 12,3%-ға ж/ж өсті, бұл ретте өсу республикалық деңгейден жоғары Ұлытау облысында (16,5%), Алматы қаласында (15,5%), Қостанай (14,5%), Маңғыстау (14,2%), Ақмола және Қарағанды (13,5%-дан), Абай (13,1%), Солтүстік Қазақстан (12,8%), сондай-ақ Шығыс Қазақстан (12,4%) облыстарында қалыптасты.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрауыштары, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлікке жатпайтын инфляция	Ақылы қызмет инфляциясы
<b>Қазақстан Республикасы</b>	<b>22,2</b>	<b>17,0</b>	<b>12,3</b>
Ақмола	23,7	18,5	13,5
Ақтөбе	24,3	16,3	8,2
Алматы	21,4	14,7	9,1
Атырау	22,2	17,2	9,7
Батыс Қазақстан	20,9	16,4	12,1
Жамбыл	20,9	15,4	9,1
Қарағанды	21,8	18,6	13,5
Қостанай	22,4	16,8	14,5
Қызылорда	21,4	15,9	10,3
Маңғыстау	29,7	17,8	14,2
Павлодар	22,6	16,4	10,5
Солтүстік Қазақстан	22,8	16,5	12,8
Түркістан	21,8	16,8	12,2
Шығыс Қазақстан	22,8	19,7	12,4
Астана қ.	21,0	26,3	12,0
Алматы қ.	21,2	13,8	15,5
Шымкент қ.	21,3	15,2	11,0
Абай	23,0	18,7	13,1
Жетісу	23,4	16,9	9,7
Ұлытау	21,3	20,4	16,5

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

2022 жылғы қыркүйекте елдегі айлық инфляция **1,8%-ды** құрады, бұл соңғы 5 жылдағы (2017-2021 жылдардағы) қыркүйектегі инфляцияның орташа мәнінен едәуір жоғары. Барлық өңірлерде 2022 жылғы қыркүйекте баға орташа тарихи нормасынан жоғары өсті. Айлық инфляцияның ең жоғары мәні Астана қаласында (2,8%) байқалды.

2-кесте. 2022 жылғы қыркүйектегі айлық инфляцияны 2017-2021 жылдардағы кезеңдегі орташа мәнмен салыстыру, %-бен

Өңірлер	5 жылдағы қыркүйектің орташа мәні	2022 жылғы қыркүйек	Өңірлер	5 жылдағы қыркүйектің орташа мәні	2022 жылғы қыркүйек
<b>Қазақстан Республикасы</b>	<b>0,3</b>	<b>1,8</b>	Түркістан	0,3	1,6
Астана қ.	0,5	2,8	Ақмола	0,2	1,5
Қостанай	0,2	2,5	Ақтөбе	0,3	1,5
Маңғыстау	0,3	2,4	Қызылорда	0,2	1,5
Қарағанды	0,2	2,3	Шымкент қ. <sup>1</sup>	0,5	1,5
Алматы	0,3	2,0	Ұлытау	-	1,5
Шығыс Қазақстан	0,2	1,9	Жамбыл	0,4	1,4
Алматы қ.	0,5	1,8	Павлодар	0,2	1,3
Абай	-	1,8	Жетісу	-	1,1
Солтүстік Қазақстан	0,1	1,7	Атырау	0,2	0,9
Батыс Қазақстан	0,4	1,6			

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

<sup>1</sup> Шымкент қаласы бойынша соңғы 3 жылдағы (2019-2021 жж.) орташа мән